



010000, Нұр-Сұлтан қ, Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1
32/1

тел.: 8(7172) 98 33 11, факс: 8(7172) 98 34 82, 98 31 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

№ исх: 20-2/141 от: 17.09.2019

010000, г. Нур-Султан, пр. Кабанбай Батыра

тел.: 8(7172) 98 33 11, факс: 8(7172) 98 34 82, 98 31 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

№

*2019 жылғы 4 қыркүйектегі
№ F-0902 хатқа*

**«Factcheck.kz» сайтының бас
редакторы
Думан Смақовқа**

Құрметті Смақов Думан!

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Сіздің Көлік құрылысы және олардың сатылымы жайлы хатыңызды қарастырып келесіні хабарлайды.

1. “2017 жылдың қорытындысы бойынша әрбір сатылған үшінші автомобиль отандық өндіріске тиесілі” деген ақпарат қаншалықты шындыққа жанасады? 2017 жылдың қорытындысы бойынша қанша автомобиль сатылды және оның қаншауы отандық кәсіпорындарға тиесілі? (Статистиканы көрсетсеңіз).

2017 жылы жаңа автомобильдер нарығы 50 778 бірлік автомобильді құрады, оның 19 547 бірлігі отандық өнім. Осығын байланыты 2017 жылы әрбір сатылған үшінші автомобиль Қазақстанда өндірілген.

2. Ал, “2018 жылдың 8 айының қорытындысы бойынша әрбір сатылған екінші автомобиль отандық өндіріске тиесілі” деген ақпарат қаншалықты рас? 2018 жылдың әр ай сайынғы қорытындысы бойынша қанша автомобиль сатылды және оның қаншауы отандық кәсіпорындарға тиесілі? (Статистиканы көрсетсеңіз).

2018 жылы жаңа автомобильдер нарығы 66 692 бірлік автомобильді құрады, оның 32 298 бірлігі отандық өндірісті. Осығын байланыты 2018 жылы әрбір сатылған екінші автомобиль Қазақстанда өндірілген.

3. Қазіргі таңда машина жасау кәсіпорындарының ірі өндірістегі үлесі қанша пайыз? (Ірі өндірістегі жалпы кәсіпорындарының пайыздық үлесін көрсетсеңіз).

2018 жылдың қорытындысы бойынша машина жасау саласының өнеркәсіптегі үлесі 3,8%-ды, ал өңдеу өнеркәсібінде 10,3%-ды құрады.

2019 жылғы 7 айдың қорытындысы бойынша машина жасау саласының өнеркәсіптегі үлесі 3,9%-ды, ал өңдеу өнеркәсібінде 10,8%-ды құрады.

4. Қазақстанда көлік құрастыратын қанша зауыт бар және олар қай қалаларда орналасқан?

Бүгінгі күні ҚР Статистика комитетінің ақпараты бойынша әртүрлі мақсаттағы көлік құралдарын өндіруші 26 кәсіпорын тіркелген, оның ішінде жеңіл және жүк автомобильдерін және автобустар өдіретін ірі кәсіпорындар: «СарыаркаАвтоПром» ЖШС (Қостанай облысы), «АЗИЯ АВТО» АҚ (Шығыс Қазақстан облысы), «СемАЗ» ЖШС (Шығыс Қазақстан облысы), «Камаз-Инжиниринг» АҚ (Ақмола облысы), «Hyundai Trans Auto» ЖШС (Алматы қаласы).

5. Отандық кәсіпорындарда құрастырылатын көліктердің қанша пайызы шет елге экспортталады? (соңғы 2014, 2015, 2016, 2017, 2018, 2019 жылдардағы статистиканы көрсетсеңіз).

Экспорт (бірлік):

	2014	2015	2016	2017	2018	2019 (7 ай)
Өндіріс	40 779	15 210	10 808	19 547	32 298	24 687
Экспорт	66	45	258	1 535	329	788

ҚР ИИДМ баспасөз қызметі

Орын.: Д. Самбетбаев
тел.: 98-33-51